



Базарбаев Жақсымбек

1926 жылы 25 мамырда Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарықопа ауылында дүниеге келген. 1944 жылы маусым айында майданға аттанып, Белорусь майданында қатардағы жауынгер болған. 1945 жылы Берлинді алу операциясына қатысқан. Соғыстан кейін елге оралып, Мәскеу қаласындағы М.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетінің араб-парсы шеттілдері факультетіне түсіп, білім алған. Оқуын ойдағыдай аяқтаған соң Алматы қаласындағы А.С.Пушкин атындағы кітапхананың меңгерушісі болған. Кейін Аманкелді ауданына келіп, Аманкелді орта мектебінде шет тілдерінен сабақ берген. Соғыстағы ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуковтың медалімен және бірнеше мерекелік

медальдармен марапатталған. 1996 жылы қайтыс болған.

